

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын, табиғат пайдалану режимін, тәртібін белгілеу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қазандағы № 240 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 3740 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.01.2020 № 2(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағы аумағының айналасында жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алынып қойылмай, ені екі шақырым жалпы көлемі 63864,2 гектар жер учаскесі қорғау аймағы болып белгіленсін.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.01.2020 № 2(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағы аумағының айналасында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі белгіленсін.

Ескерту. 2 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.01.2020 № 2(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Е.Д. Дүзмағамбетов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Е. Тоғжанов

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2018 жылғы "9" қазан

№ 240 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын, табиғат пайдалану режимін, тәртібін белгілеу туралы

Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.01.2020 № 2(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Қорық) қорғау аймағында:

- 1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
- 2) Қорықтың экологиялық жүйесіне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;
- 3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;
- 4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;
- 5) пайдалы қазбалар өндіруге;
- 6) әуесқойлық (спорттық) және кәсіпшілік аң аулауға;
- 7) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;
- 8) Қорықтың экологиялық жүйесінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);
- 9) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;
- 10) Қорықтың экологиялық жүйесіне зиянды әсер ететін басқа да қызметке тыйым салынады.

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.01.2020 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қорықтың қорғау аймағының аумағында Қорықтың экологиялық жүйесінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;
- 6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;
- 7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;
- 8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарларды эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, Қорық қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

3. Қорықтың қорғау аймағында осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ Қорықтың өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.